KASE

# АПТАЛЫҒЫ

## 17–21 Тамыз, 2020



## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- KASE акционерлері "Эрнст энд Янг" ЖШС биржаның 2020 жылға аудитін жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде белгіледі.
- "ЭКОТОН+" АҚ KZ2C00001287 (EKTNb1) облигациялары, "Ақтөбе мұнай өңдеу" ЖШС KZ2P00003411 (AKNPb3), АҚШ Қаржы министрлігінің US912796XF18 (US_02_2008) халықаралық облигациялары айналыс мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен шығарылды.
- Европалық қайта құру және дамыту банкінің XS2214305737 (EBRDe11) халықаралық облигациялары "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына енгізілді.
- "Бастапқы орналастырулар" ЖҮИҚ RU000A101NK4 (RU_UKVZpr) үлеспұлдары "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына енгізілді.
- "Қазақстанның Даму Бапнкі" АҚ KZ2C00004273 (BRKZb14) және KZ2C00006864 (BRKZb19) облигацияларының биржалық сауда-саттықтары ашылды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Европалық қайта құру және дамыту банкі жазылым арқылы өзінің сегіз жылдық XS2214305737 (EBRDe11) халықаралық облигацияларын жарты жылдық купонына 1 % маржамен Биржада орналастырып, 60,0 млрд теңге қаржы тартты.
- "ОнлайнҚазҚаржы микроқаржылық ұйымы" ЖШС өзінің KZ2P00006877 (MFOKb1) облигацияларын жылдық 19,0 % орналастырып, Биржада 1,9 млрд теңге қаржы тартты.
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ өзінің KZ2C00006484 (BASPb8) облигацияларын өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,9843 %-бен орналастырып, 9,9 млрд теңге қаржы тартты.
- KAZ Minerals PLC компаниясы 2020 жылдың алты айына және екінші тоқсанынан өндірістік есебін Биржаға ұсынды.
- "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ  2020 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айға шоғырландырылғна қаржылық есебін Биржаға ұсынды.
- NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясы 2020 жылдың алты айына және екінші тоқсанынан қызметінің нәтижелері туралы Биржаға мәлдімдеді.
- "Қазақтелеком" АҚ 2020 жылдың бірінші жарты жылдығындағы қаржылық қызметінің нәтижелерін мәлімдеді.
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2020 жылдың бірінші жарты жылдығындағы қаржылық нәтижелері туралы хабарлады.
- "KEGOC" АҚ 2020 жылдың бірінші жарты жылдығындағы қызметінің қаржылық нәтижелеріне жетекшіліктің түсініктемелерін жариялады.
- "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ өзінің KZ000A0LE0S4 (HSBK) жай акциялдары бойынша 2019 жылға дивиденд төледі.
- "АК Алтыналмас" АҚ өзінің артықшылықты акциялары бойынша 2020 жылдың екінші тоқсанына дивиденд төледі.
- "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атомдыө компаниясы" АҚ 2022 жылға өндірістік жоспарлар туралы мәлімдеді.

Апта қорытындысы бойынша KASE индексі 0,18% өсіп, 2 431,42 гнүктені құрады. Индекстік акциялардың арасында ең көп мәміле Халық Банкінің жай акцияларымен жасалды - 949 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell бағалы қағаздарының үлесінде - 11,8 млрд. теңге (аптадағы жалпы көлемнің 96,4%).

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




| 21.08.2020 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 2 431,42 | 0,1 | 0,6 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| Freedom Holding Corp. | 9 515,0 | 2,3 | 16,0 |
| Народный банк | 114,0 | 1,3 | -6,0 |
| Казахтелеком | 26 798,0 | 0,4 | -0,7 |
| КазТрансОйл | 797,0 | 0,2 | -1,8 |
| KAZ Minerals | 2 951,0 | 0,1 | 3,5 |
| Банк ЦентрКредит | 228,2 | -0,0 | -1,1 |
| KEGOC | 1 700,0 | -0,6 | -0,6 |
| Kcell | 2 525,0 | -0,7 | 0,8 |
| НАК Казатомпром | 6 003,1 | -1,4 | 6,2 |
| Аэрофлот | 475,0 | -1,7 | -8,5 |
| Газпром | 1 130,0 | -2,1 | -4,9 |
| Казахтелеком, прив. акции | 12 233,0 | -2,1 | -0,1 |
| Bank of America Corporation | 10 684,8 | -3,7 | 5,0 |
| Сбербанк | 1 322,0 | -4,2 | 3,3 |
| Банк ВТБ | 0,2 | -4,5 | -4,5 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

Осы аптада инвесторлар назарын индекстік қоржын өкілдерінің есеп берушіліктеріне аударды. Осыған байланысты, қор нарығының жергілікті индикаторы шамалы өсуді тіркейді, бірақ бірнеше апта бойы бүйірлік трендте орналасуда.

Өкілетті тізімдегі акциялардың жартысы жасыл аймақта жабылды. Өсімнің көшбасшысы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциясы болды, ол 1,28%-ға, 6 003,09 теңгеге дейін өсті. Ұлттық атом компаниясы сәрсенбіде 2022 жылға арналған өндірістік жоспарларын жариялады, соған сәйкес уран өндірісін 2022 жылы 20% -ға төмендетуді жалғастырады, 2021 жылы ол жоспарланған көлемнен 20% төмен болады. Компанияның Лондон қор биржасындағы ЖДҚ Нұр-Сұлтан уақытымен 17: 00-ге сәйкес Ұлттық банктің бүгінгі күнгі ресми бағамы бойынша 14,80 долларға немесе 6 191,88 теңге деңгейінде саудаланды.

Қазақтелекомның жай акциясының бағасы баға өсуінің екінші үздік нәтижені көрсетті – 26368.00-ге дейін (+ 0,36%). Сәрсенбіде Қазақтелеком компаниялар тобы 2020 жылдың бірінші жартыжылдығын рекордтық қаржылық көрсеткіштермен аяқтағаны белгілі болды. Үтіміздегі жылдың 6 айында жиынтық кіріс 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 36% -ға артып, 245 млрд. теңге деңгейіне жетті. Компанияның пікірінше, кірістің айтарлықтай өсуіне "GSM және LTE стандартында ұялы байланыс" сегментінің екі есе артуы, сондай-ақ сатып алынған, Tele2 / Altel ұялы байланыс операторының нәтижелерінің шоғырлануы себеп болды.

Мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша кірістілік бір апта ішінде 24 б.н. өсіп, жылдық 9,03% құрады. АҚШ долларымен қамтамасыз етілген теңгедегі қарыз мөлшерлемесі 85 п.т. төмендеп, жылдық 9,50% құрады. Теңгелік өтімділігі бір апта ішінде бір күніге қарыз алудың орташа көлемі 178,1 млрд. теңгені құрады (алдыңғы аптаның ұқсас деңгейіне + 96,5%).

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### Основные параметры размещения нот НБРК




### Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Апта нәтижесі бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 0,40 теңгеге арзандап, 418,62 теңгені құрады. Бір апта ішіндегі сауда-саттықтардың жиынтық көлемі $484,4 млн құрады, бұл өткен аптаның көрсеткішінен 1,1% артық. АҚШ долларын сатып алу және сату мәмілелерінің жалпы саны 1 974 (-718 өткен аптағадағы көрсеткішке қатысты). Максималды баға бір АҚШ долларына 418,85 теңге, ал минималдысы – 417,60 теңге болды.

Мұнай бағасының төмендеуі аясында АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы апта соңына қарай 0,1%-ға өсіп отыр. Мұнай бағасына қысым АҚШ Еңбек минитрлігінің жаңа мәліметтерінен туындайды, оған сәйкес 15 тамызда аяқталған аптадағы жұмыссыздық бойынша жәрдемақы туралы жаңа өтінімдердің саны шамамен 1,1 миллионды құрады. Бұдан басқа,  28-29 шілдеде өткен Федералды резервтік жүйенің (ФРЖ) шілдедегі жиналысының нәтижелері жарияланғаннан кейін мұнай бағасы экономиканың қалпына келуіне қатысты өсіп келе жатқан алаңдаушылық аясында құлдырады. Отырысқа қатысушылар АҚШ экономикасы қосымша қолдауды қажет етуі мүмкін және оның болашағы көбінесе коронавирусқа байланысты эпидемиологиялық жағдайға қарай болады деген қорытындыға келді. Осыған байланысты, Лондон ICE Futures биржасында Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 15: 00-де Brent маркалы мұнай фьючерстері барреліне 44,23 долларға сатылды, бұл алдыңғы сессияның жабылу бағасынан 1,5% төмен. Сонымен бірге, АҚШ Энергетика министрлігінің мәліметінше, 14 тамызда аяқталған аптада Америка Құрама Штаттарындағы мұнай қорлары 1,6 миллион баррельге төмендеді, бұл төрт апта қаратынан төмендеуді көрсетеді.

Ресей рублінің құны бір рубльге 0,0323 түсіп, 5,6891 теңгені құрады. Еуро теңгеге қатысты 3,96 теңгеге қымбаттап, 496,10 теңгені құрады. Қытай юані 0,0459 теңгеге өсіп, 60,5159 теңгені құрады.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.18)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2017, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 548,73 | 0,2 | 4,5 | 9,7 |
| USDKZT | 418,37 | -0,08 | 1,1 | 9,8 |
| EURKZT | 495,10 | -0,1 | 4,60 | 16,0 |
| CNYKZT | 60,45 | 0,3 | 2,1 | 10,8 |
| RUBKZT | 5,66 | -0,7 | -3,1 | -8,3 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы  KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**



**Халықаралық индекстер** | **Шикізат нарығы** | **21.08.2020**

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к | Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 3 397,16 | 0,4 | 3,7 | 16,2 | 0,9 | Мұнай | 44,35 | -2,2 | 0,1 | -26,0 |
| Dow Jones | 27 930,33 | 0,3 | 3,4 | 6,4 | 0,2 | | 42,34 | -1,3 | 1,1 | -23,5 |
| РТС | 1 262,01 | -3,6 | 0,6 | -1,6 | -4,8 | Табиғи газ | 2,45 | 4,7 | 45,6 | 13,4 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | -4,8 | Мыс | 291,75 | 0,6 | 0,3 | 14,1 |
| Hang Seng | 25 113,84 | -0,9 | 0,2 | -3,6 | 0,0 | Темір | 920,00 | 2,1 | 3,8 | 33,1 |
| SS CSI 300 | 4 718,84 | -2,0 | 0,1 | 24,4 | -0,2 | Алтын | 1 940,48 | -2,3 | 3,7 | 29,5 |
| Euro Stoxx 50 | 3 259,75 | -1,4 | -3,3 | -3,4 | -1,6 | Күміс | 26,73 | -3,4 | 15,8 | 56,9 |
| FTSEuroFirst | 3 602,50 | -1,5 | -3,4 | -9,8 | -1,4 | Астық | 527,25 | 2,1 | -1,4 | 12,8 |
| FTSE 100 | 6 001,89 | -2,0 | -3,3 | -15,8 | -1,4 | | | | | |
| KASE | 2 431,42 | 0,1 | 0,6 | 13,2 | | | | | | |

| | Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 25.08 | Германия: ЖІӨ (тоқ/тоқ) (2 тоқ.) | EUR | -10,1% | -2,2% |
| 25.08 | Германияның IFO тұтынушылар сенімінің индексі (там) | EUR | 92,0 | 90,5 |
| 25.08 | АҚШ тұтынушылар сенімінің индексі (там) | USD | 93,0 | 92,6 |
| 26.08 | АҚШ: шикі мұнайдың қорлары | USD | | -1,632M |
| 27.08 | АҚШ: ЖІӨ (тоқ/тоқ) (2 тоқ) | USD | -32,6% | -32,9% |
| 27.08 | АҚШ: жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға бастапқы өтінімдердің саны | USD | 1.000K | 1.106K |
| 28.08 | АҚШ-тағы Baker Hughes шұңғыма бұрғыларының саны | USD | | 254 |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 7,1% | 01.07.20 | 5,3 % |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 561 | 01.06.20 | 30 927 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 8 428,3 | 01.06.20 | 5 995,7 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 22 438,2 | 01.06.20 | 20 813,4 |

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 10.09.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 -тұрақты |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 28.09.18 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

KASE

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00

**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**




"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2020